

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Үй жануарлары

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.12.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/127812/

ИМАНТАЕВА ЖУЛДЫЗ САНАТОВНА

Білім беру саласы: Қатынас.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекет түрі: Тіл дамыту

Көркем әдебиет

Тақырыбы: Үй жануарлары

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру, үй жануарларына қамқорлық жасап, бағала Қайырлы таң, й білуге тәрбиелеу.

Әдіс тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ — жауап, ойын, жұмбақтар, тақпақтар.

Көрнекіліктер: Үй жануарларының суреттері, үн таспа, әжейдің үйі,

Ермексаз, тақтайша, фланелеграф, мольберт тақтасы, желім,

Түбіт. Балалар әуен ырғағымен шығады.

Шаттық шеңберіне жиналу: Қайырлы таң, Көк аспан!

Қайырлы таң, Алтын күн!

Қайырлы таң, Жер — ана!

Қайырлы таң, қонақтар!

Қайырлы таң, балалар!

Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Үлкенге де “сіз”,

Кішіге де “сіз”,

Баршаңызды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

— Балалар бүгінгі ашық оқу іс — әрекетіміздің тақырыбы: “Үй жануарлары”

— Балалар оқу іс — әрекетіміз аралас — саяхат сабақ.

— Балалар бүгін біздер балабақшамызға көрші тұратын Раушан әжейдің үйіне қонаққа барамыз. Әжейдің қорасындағы үй жануарларымен танысып, төлдерін тамашалап қайтайық.

— Олай болса, балалар жан — жағымызға қарап, табиғатты бақылайық.

Балалар тақтадағы суретпен жұмыс:

— Балалар қазір қай мезгіл?

— Қыс мезгілі.

— Қыста ауа — райы қандай болады?

— Суық, салқын болады.

— Қыста не жауады?

— Қар жауады.

— Қыста қалай киінеміз?

— Жылы, қалың киінеміз.

— Дұрыс — ақ балалар, жарайсыңдар.

— Балалар, Раушан әжейдің үйіне де келіп қалыппыз ғой.

— Үйдің есігінің алдында не жатыр?

— Ит жатыр.

— Балалар, ит не істейді?

— Үйді күзетеді, қорғайды.

— Дұрыс — ақ

Әжей: Амансыңдар ма, құлындарым, қошақандарым!

Қош келдіңіздер!

— Әжей біздің бүлдіршіндерді сіздің үй жануарларыңызбен, оның төлдері, олардан алатын өнім — бұйымдарымен таныстыруға алып келдім.

— Әжей: Жарайсыңдар, ботақандарым! Мына ауламда жүрген үй жануарларым ғой. Жылқым — құлынымен, сиырым - бұзауымен, түйем - ботасымен,

қойым - қозысымен, ешкім — лағымен, итім - күшігімен, мысығым - марғауымен.

— Балалар мына жануарларға әжей тамақ беріп, бағып - қағып өсіреді. Олар адамның күтімінде болады. Сондықтан оларды үй жануарлары деп атайды.

— Әжей: Құлыншақтарым менің, үй жануарлары бізге кисек — киім, ішсек - тамақ, мінсек — көлік. Олардың жүні де, сүті де, терісі де, мүйізі де, еті де, сүйегі бәрі де пайдалы.

— Балалар үй жануарларының бізге берер пайдасы көп екен.

— Әжей:- Ботақандарым менің! Немерелерім келгенде тапсырмалар беретін едім. Енді сендерге де берейін. Мына жинаулы тұрған көрпелерді қой мен түйемнің жүнінен жасап едім.